

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**20-25 желтоқсан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

25 желтоқсан

Апталық жоспарға сәйкес 20-25 желтоқсан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. 7-11-сыныптарда Бөлім бойынша жиынтық бағалау, Тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізіліп, академиялық адалдықтың сақталуы, баға қою объективтілігі қатаң бақылауға алынды.

5. 9,11-сыныптарды қорытынды аттестаттау емтихандарына дайындық жұмыстары жүргізілді, қосымша сабақтар әкімшілік тарапынан бақыланды.

6. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даулетқалиева Т.Б. және Муратов М.Б. Абай желілік мектептерінің жылдық жоспарына сәйкес, шығармашыл педагогтерді анықтау және қолдау, ең үздік педагогикалық тәжірибені тарату, педагогикалық идеялар, үздік бағдарлама, үздік ғылыми мақала нәтижелерімен алмасу мақсатында өткен «Үздік оқу-әдістемелік құралдар мен авторлық бағдарламалар» республикалық сырттай байқауға қатысты. Байқаудың қорытындысы бойынша Онгарбай Ж. I жүлделі, Даулетқалиева Т.Б. және Муратов М.Б. III жүлделі орындарға ие болып дәрежелі Дипломдармен және Ахат А.Д. Алғыс хатпен марапатталды.

7. Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары негізінде 23 желтоқсан күні педагог-зерттеуші санатындағы математика пәнінің мұғалімдері Қуспекова К.М. және Шалабаева А.Б. физика, математика, информатика мұғалімдері арасында «Сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» тақырыбында оқу-әдістемелік семинар өткізді. Семинар барысында тәжірибелі педагогтар әріптестеріп сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері бойынша әдістемелік ұсынымдар берді.

8. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы қадағаланды.

9. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері «Абайтану» республикалық олимпиадаға қатысатын оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізді.

10. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың отуі қадағаланды.

11. «Жалын» шығармашылық тобы жұмысының жоспары бойынша 7-сынып оқушылары арасында ағылшын тілі пәні мұғалімдері Сабиева Н.Ж., Қожахметова Р.З. «What is missed?» тақырыбында викториналық ойын өткізді.